



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
География және табиғатты пайдалану факультеті



ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚ

Орындаған: Жолдықара А.К
Қабылдаған: Аубакирова Г.Б

Алматы 2019

Дүниежүзілік шаруашылық жүйесі — дүние жүзі елдері ұлттық шаруашылықтарының жиынтығы.

Дүниежүзілік шаруашылық жүйесі сыртқы сауда, капиталды сыртқа шығару, жұмыс күшінің көші-қоны, экономикалық келісімшарттар жасау, халықаралық экономикалық ұйымдарды құру, ғылыми-техникалық ақпарат алмасу сияқты өзара экономикалық байланыстар мен өзара қарым-қатынастардан тұрады.



Отын-энергетика кешені

Отын-энергетикалық кешен (ОЭК) отын өнеркәсібі мен электр энергетикасын біріктіреді . Оның негізгі міндеті -халықты, шаруашылықтың барлық салаларын қамтамасыз ету үшін энергияның әр түрін өндіру және сыртқа шығару (экспорт). ОЭК отынды өндіру мен оны алғашқы өңдеуді, электр энергиясы мен жылу өндіру, оларды тұтынушыларға электр жеткізу желісі (ЭЖЖ) мен құбыр арқылы жеткізіп беру процестерін қамтиды.

Кешеннің табиғи негізін энергетикалық ресурстар құрайды. Оған минералдық отын (мұнай, табиғи газ, көмір) мен су қоры (өзеннің құлама суының энергиясы) жатады. Біздің елімізде ядролық отынның (уран), жанғыш тақта тастың және таусылмайтын энергетикалық ресурстардың – Күн және жел энергиясының мол қазынасы бар.



Мұнай өнеркәсібі

- Мұнай өнеркәсібі дүниежүзілік шаруашылыққа үлкен әсер ететін отын энергетика өнеркәсібінің жетекші саласы. Бұл саланың әр жылдағы дамуы және оның әлем елдері бойынша географиялық таралуы бойынша мынадай мәлімет: бірінші рет мұнайды жер астынан бұрғылау скважинасы арқылы өндіру АҚШ-тың Пенсильвания штатында 1859 ж. іске асқаны ресми түрде тіркелген. Сол кезден бастап мұнай өндіру тез қарқынмен дамыды. Мұнай өндіру XX ғ. басында 1900 ж. дүниежүзінің тек 20 –ға жуық мемлекеттерінде ғана өндірілетін, олардың ішінде ең ірі табысқа жеткендері АҚШ, Венесуэла, Ресей. Ал 1940 Ж. қарай олардың саны 40-қа жеткен: ішіндегі ірілері АҚШ, КСРО, Венесуэла, Таяу Шығыста орналасқан негізгі мұнай өндіруші Араб елдері. 1970 ж. мұнай өндіруші мемлекеттердің саны 60-қа жетсе, 1990 ж. олардың саны 80 –ге дейін өскен. 2000 – шы жылдарға қарай 95 – ке дейін жеткен.

1. Сауд Арабиясы (440 млн.т.)
2. АҚШ (355 млн.т.)
3. Ресей (325 млн.т.)
4. Иран (185 млн.т.)
5. Мексика (170 млн.т.)
6. Венесуэла (165 млн.т.)
7. Қытай (160 млн.т.)
8. Норвегия (155 млн.т.)
9. Ирак (130 млн.т.)
10. Ұлыбритания (125 млн.т.)



Газ өнеркәсібі

Газ өнеркәсібінің маңыздылығы әлемдік отын мен энергияны тұтыну құрамында мұнай мен көмірмен қоса табиғи газдар отын энергетиканың негізгі көзі болып табылады. Осы аталған 3 энергияның түрі де ішінде табиғи газ экологиялық жағынан ең таза отын энергия көзі болып табылады. Геологиялық барлау жұмыстарының үнемі жүргізілуіне байланысты табиғи газдың қоры үнемі жылдан жылға өсіп келеді. Барланған қоры жағынан әлем бөліктері ішінде ерекше көзге түсетіндері Оңтүстік Батыс Азия мемлекеттері және ТМД – ға кіретін елдер. Ал жеке мемлекеттердің ішінде ең байлары Ресей және Иран. Ирандағы табиғи газдың қоры шамамен шетелдік Еуропа мен Солтүстік Американың қорларын қосқандарымен тең. Табиғи газды өндіру дүниежүзі бойынша үнемі өсіп келе жатқанын мына мәліметтерден байқауға болады. 1950ж.небәрі 200млрд м³ табиғи газ өндірілсе, 1960ж. ол екі есе өсіп 400млрд м³ жеткен. 1970ж. екі еседен асып 1трлн. 050 млрд. м³ , 1990ж. табиғи газды өндіру тағы екі есе көбейіп 2трлн.100 млрд.м³ жеткен. Жеке аймақтардың ішінде табиғи газды өндіруден бірінші орынды ТМД елдері иеленіп отыр, ал жеке мемлекеттердің ішінде бірінші орынды Ресей Федерациясы, ал жеке аймақтардан әлемдегі бірінші орынды Батыс Сібір (600млрд.м³) алып отыр.



- 1.Ресей Федерациясы
2. АҚШ
- 3.Канада
4. Түркіменстан
5. Нидерланды
6. Ұлыбритания
7. Өзбекстан
- 8.Индонезия
- 9.Алжир
- 10.Сауд Арабиясы

Қара металлургия кешені

- Қара металлургия өнеркәсібі ауыр индустрияның басты негізгі салаларының бірі. Өйткені бұл салада өндірілетін темір прокаты шаруашылықта қолданылатын негізгі құрылыс, әрі үйлестіру материялы болып табылады. Дүние жүзі бойынша темір рудасын өндіру 1990 жылы бірінші рет 1млрд тоннадан асты. Осыған байланысты темір рудасын өндіру өнеркәсібінің географияда елеулі өзгерістер болды. Екінші дүние жүзілік соғысқа дейін (1940 ж) барлық темір рудасын өндіруге АҚШ–пен Шетелдік Еуропа оның ішінде Франция, Швеция, Ұлыбритания, Германия, қамтамасыз етіп отырған болса соғыстан кейінгі жылдары бұл елдерде руданы өндіру тез қысқара бастады. Оның негізгі себебі бұл елдердегі бай темір рудасы қорының таусылуымен бар руданың құрамында фосфаритті көп темір рудасына сұраныстан азаюына байланысты болды. Керісінше соғыстан кейінгі жылдары КСРО – да, Канадада, Аустралияда, ОАР – да, көптеген дамушы елдерде темір рудасын өндіру тез өтті.



Темір өнеркәсібі

- Темір рудасынан шойын қорыту және одан болат балқыту жөніндегі статистикалық көрсеткіштер мынадай жағдайларда анықтайды. Әлемнің кейбір мемлекеттерінде Қытай, Бразилия, Үндістан, Аустралияда шойын қорыту мен болат балқыту бір-біріне жақын мөлшерде екенін көрсетеді. Өйткені бұл елдерде өте бай темір рудасының қоры бар. Темір рудасы-шойын – болат –пракат. Ал әлемнің басқа мемлекеттерінде (АҚШ, Канада, Жапония, Корея Республикасы, Батыс Еуропа елдерінде) болат балқыту шойын қорытудан 1,5-2,0 есе асып түседі, оның себебі бұл мемлекеттерде темір рудасының пайдалы қазба ретінде қоры өте аз, бірақ бұл елдерде болат балқытудың көп мөлшерде болуы бұл мемлекеттер металломды көптеп пайдаланады.

1. Қытай (127 млн.т)
2. Жапония (108 млн.т)
3. АҚШ (101млн.т)
4. Ресей (58 млн.т)
5. ГФР (46 млн.т)
6. Корея Республикасы (43 млн.т)
7. Украина (31 млн.т)
8. Бразилия (28 млн.т)
9. Италия (27млн.т)
10. Үндістан(27млн.т)

Түсті металлургия

- Дүние жүзінде 70-тен астам түсті металл балқытылады. Оларды 14 сала өндіреді. Олардың барлығы қосылып, түсті металлургияны құрайды. Түсті металдардың көп бөлігі аз уақыттан бері ғана пайдаланыла бастады. Ғылыми-техникалық революцияның нәтижесінде кеңінен қолданысқа түсті. Реактивті ұшақтар, ғарыш кемелерін, атом реакторларын жасау үшін ерекше қасиеттері бар, мүлдем жаңа конструкциялық материалдар қажет. Ондай қасиеттер тек түсті металдарда ғана бар. Бұл «түсті біртектілерде» өндірістің сан алуан қажеттіліктеріне жарайтын металдар бар. Қорғасын, никель және қалайы жемірілмейді (коррозия), титан ыстыққа төзімді келеді, ал күміс, мыс және алюминий жоғары электр өткізгіштігімен ерекшеленеді. Сондықтан олардың қолданылу аясы өте ауқымды: медициналық аспаптар мен материалдардан бастап күрделі электроника мен ядролық техника осы металдардан жасалады. Және әр металл «өз кәсібін тапқан». Мысалы, алюминий «қанатты» металл болса, қалайы «консерві құтыларының металы» болып саналады. Көптеген түсті металдардан сапасы жөнінен бастапқы материалдардан да асып түсетін қорытпалар жасалады. Мыстың қалайымен (қола), мырышпен (жез), никельмен (мельхиор), алюминиймен (дюралюминий) қорытпалары бұрыннан қолданылып келсе, ал бериллий қоласы ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда болды.

Алюминий өнеркәсібі

Дүние жүзі елдері бойынша алюминий өнеркәсібінің географиясына оның шикізат қоры қоры өте үлкен әсер етеді. Жалпы жер қыртысында алюминий ең көп таралған метал екені геологиядан белгілі. Көптеген кен орындарындағы шикізат құрамында алюминий рудасының үлесі 40-60 %-ды құрайды. Сондықтанда шикізатты өндірумен оны қорытып балқыту көлікпен тасмалдау аумақтық арақашықтығына қарамай алюминий өндірісінің теңділігіне көп әсерін тигізбейді. Дүние жүзіндегі боксит қорының 85% жер қыртысының латариттік қабатына байланысты болғандықтан оның кен орындары негізінен тропикалық және субтропикалық аймақтарда орналасқан. Латариттік қабат дегеніміз-топырақтың құрамында метал рудасы бар,көптеу деген мағынасын білдіреді. Геологтар осы латариттік аймақтарда кездесетін негізгі боксит кен көздерін ерекшелеп бірнеше аудандарға бөледі: 1.Жерорта теңізі аумағындағы латариттік аудан. Бұл ауданның аумағына кіретіндер:Франция, Италия, Грекия, Венгрия, және бұрынғы Югаславия республикасы. 2.Гвенея шығанағы жағалауындағы латариттік аудан:Бұған кіретіндер:Сьерра-Леоне, Камерун,Гана, Гвенея. 3. Кариб теңізі алабындағы латариттік аудан:Ямайка, Гаити, Доминикан Республикасы,Гайана, Суринам. 4.Латариттік ауданға: Аустралия жатады

АҚШ 3700
Ресей 3200
Қытай 2600
Канада 2370
Аустралия1750
Бразилия 1250
Норвегия 1160
ОАР 690
ГФР 600
Венесуэла580



Химия өнеркәсібі

Өткен XX ғасыр химия өнеркәсібінің қауырт дамыған ғасыры болды. Бұл машина жасау саласымен қатар серпінді дамыған саласы болып табылады. Қазіргі уақытта химия өнеркәсібінің дамуы қай елдің болсын экономикалық дамуының жаңғырғанын, оның ғылыми техникалық жетістіктерді пайдалануды қай деңгейде екенін анықтайтын индикатор болып саналады. Дүниежүзінің экономикасы дамыған мемлекеттердің барлығы бұл саласы, әсіресе, оның органикалық синтез химиясын үдете дамытып отыр. Химия өнеркәсібінің шығаратын өнімдері: қышқылдар, тыңайтқыштар, бояулар, лактар, сырлар, улы химикаттар, жасанды талшықтар, жасанды каучук, пластмасса, және көптеген т.б. заттар. Олардың барлығы шаруашылықтың көптеген салаларында қолданылады. Мысалы, машина жасау саласында пластмассалар, резеңке, кей бөлшектерді өңдеуге қышқылдар көп қолданылса тау-кен өнеркәсібінде химиялық өнімдер қопарғыш зат ретінде қолданылады. Тоқыма өнеркәсібінде бояулар мен химиялық талшықтар, ауылшаруашылығында минералды тыңайтқыштар, улы химикаттар көптеп қолданылады.

Тыңайтқыштар

Әлем елдері бойынша, минералды тыңайтқыштар ішіндегі ең көп өндірілетін азот тыңайтқыштары, 85 млн.т. Оны алғашында табиғи тыңайтқыштан алған болатын, ол натрий селитрасы немесе чили селитрасы деп аталады. 20 ғасырдың ортасында натрий тыңайтқыштары химиялық жолмен аммоний сульфатынан алатын болса, сол ғасыр соңына қарай оны табиғи газдан өңдеу арқылы, оның 90 пайызына алып жүрді. Азот тыңайтқыштарын мұнай мен көмірден де алуға болады. Қазіргі кезде азот тыңайтқыштарын ең көп өндіретін елдер Қытай мен Үндістан. Минералды тыңайтқыштарды өндіруден 2-ші орынды фосфор тыңайтқыштарды өндіру тұр. Жылына 35 млн.тоннадан астам. 20ғасырдың 50 жылдары АҚШ, ТМД, Батыс Европа елдері болатын. 20 ғасырдың 90 жылдарында АҚШ бұрынғысынша бірінші орында тұрса, Ресей мен Франция тек бірінші ондық ішінде болды. Жалпы 10 мемлекеттің ішінде қалғандар қатарында Польша, Испания, Қытай, Үндістан, Марокко, Тунис, Бразилия бар. Осы алғаш ондыққа кіретін мемлекеттердің барлығының Тунистен басқасының жер аумағы айтарлықтай үлкен. Фосфор тыңайтқыштарын қолдануда Азия мемлекеттері көп алда келеді. Үшінші орында калий тыңайтқыштарын өндіру тұр. Оның жылдық өндіру мөлшері 25 млн,тоннадан аса. Калий тыңайтқыштарын ең көп өндіретін елдер: Канада, АҚШ, Ресей, Беларусь республикасы, ГФР, Франция, Ұлыбритания, Испания. Азия елдерінен көзге түсетіндері: Израиль, Иордания Корольдігі.

Машина жасау өнеркәсібі

Автомобиль жасау өнеркәсібі ХХ ғасырдың 90 жылдардың ішінде әлемнің көптеген елдеріне қарай жаңа қоныс аудару бастады, әсіресе ол Латын Америка мен Азия елдерінде тез дамыды. Мысалы, сол 90 жылдардың аяғына қарай автомобиль зауыттары мен автомобильді жинау, құрастыру өндіріс орындары Латын Американаң тоғыз елінде жаңадан қоныс тапты. Олар Бразилия, Аргентина, Мексика, Венесуэла, Колумбия, Эквадор, Чили, Уругвай және Перу мемлекеттері. Ао Азия елдерінің ішінде Жапониядан басқа автомобиль зауыттары Корея Республикасында және ҚХР-да тез қарқынмен дами бастады. Бұл мемлекеттерден басқа автомобиль өнеркәсібінің дамуы Түркияда, Үндістанда, Малайзияда орын ала бастады. Сонымен ХХ ғасырдың 90 жылдардың соңында автомобильді шығаруда әлемдік 3 өндіріс орталықтарының үлесі мынандай мөлшерде болады: Батыс Еуропа - 28% құрса, АҚШ - 22% құрды, ал Жапония - 20%-құрап, Латын Америкасы - 8%

Жылына 1 млн-нан артық автомобиль шығаратын мемлекеттердің қатарында Мексика – 1 650 000, Ресей – 1 200 000; Автомобиль жасау өнеркәсібінде монополизациялық билік құру күшті орын алған. Әлемдік ірі автомобиль корпорацияларының қатарына кіретіндер: Американдық – «Дженирал Моторс», «Форд Мотор», Жапондық – «Тайота», «Нисан», «Хонда», Германдық - «Фольксваген», Германиялық - Американдық «Даймлер-Крайслер», Италияндық – «ФИАТ», Француздық – «Рено», «Пежо – Ситроено», Оңтүстік Кореялық - «ДЭУ». Осы авто компаниялар Латын Америкасындағы және Азиядағы автомобиль зауыттары мен автомобиль жинастыру орындарын өздерінің қол астына қарастырып алған. Жалпы автомобил жасау өнеркәсібінің ішінде қазіргі кезде оны дамытудың екі түрлі стратегиясы қолданылады: 1. «Фордизм». Ол АҚШ- XX ғасырларда – «Дженирал Моторс» және «Форд Мотор» компанияларда көптеп қолданылады. Фордизм стратегиясының негізгі мақсаты қымбат емес, стандартталған, көптеп шығарылатын, тек аздап қана модификациялық өзгерістерге түсетін автомобиль шығару. Әлем елдерінің көбісінде олардың бөлімшелері жұмыс істейді. 2. Постфордизм стратегиясының ерекшелігі автомобиль жасау өнеркәсібінің ұйымдастырылуының жаңа түрлерін қарастырады. Өнірісті компьютеризациялау, роботтандыру, соған байланысты машиналандырудың жоғары сапалы маркаларын шығару және осындай өндірісті қалаған жерде ұйымдастыру, дер кезінде шығару.

Ауыл шаруашылық өнеркәсібі

Ауыл шаруашылығы — материалдық өндірістің ең маңызды түрлерінің бірі. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз етумен айналысады. Ауыл шаруашылығы екі үлкен саладан, яғни өсімдік шаруашылығынан және мал шаруашылығынан тұрады. Сонымен қатар оның құрамына балық аулау, аңшылық және омарта шаруашылығы да кіреді.

Ауыл шаруашылығы өндірісі орналасуының табиғи және әлеуметтік-экономикалық факторларын, оның жеке елдер мен аудандарда даму жағдайлары мен ерекшеліктерін анықтау мен талдауды қоса ауыл шаруашылығы өндірісінің аумақтық саралануының заңдылығы мен ерекшеліктерін зерттейтін географияның бөлімі; ауыл шаруашылығы өндірісін аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің басқа салаларымен өзара байланыста қарастырады. Ауыл шаруашылығы географиясының ауыл шаруашылығы өндірісінің орналасуы мен аумақтық ұйымдастырылуының жалпы теориясын, ауыл шаруашылығының жеке салаларының (егіншілік, мал шаруашылығы және тағы да басқалары) географиясын, әр түрлі аумақтарды аудандауды және типке бөлуді қамтиды.



